

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті
Қазақстан тарихы және әлеуметтік -саяси пәндер кафедрасы

СӨЖ

Тақырыбы: Дәрігердің адамгершілік - этикалық тәрбиесі



Орындағандар: Айтен С.М.
Барлыбай М.С.
Қайырбеков А.С.
Тексерген: Мейрамова Н.А.

Қарағанды 2018 ж

▶ Жоспар

- ▶ Медициналық этиканың принциптері
- ▶ Дәрігерлік деонтология
- ▶ Медициналық этика
- ▶ Медициналық этика қағидаттары
- ▶ Тұлға аралық қарым қатынастар
- ▶ Қорытынды

Қазіргі кезде медициналық этиканың принциптері биомедициналық этика түсінігінде тұрақталған. Ол медицина қызметкерлерінің жеке тұлғасының әлеуметтік функциясын қорғайды. Қазіргі таңда «биомедициналық этика» үш түрде немесе модельде беріледі:

- ▶ 1. Гиппократ моделі. Бұл модельдің негізгі принципі – «зиян келтірме». Дәрігер пациенттің әлеуметтік сенімін жеңеді. Медицина атасы Гиппократпен тұрақтанған дәрігерлік принципі (460-377жж.), қазіргі таңда белгілі «Антта» көрсетілген.
- ▶ 2. Парацельс модельлі (1493-1541 жж.) – «Қайырымдылық жасау», орта ғасырларда пайда болған. Оның негізгі мағынасы емдеудің барлық процессін құрайтын дәрігердің пациентпен контактісі болып табылады.
- ▶ 3. Деонтологиялық модель немесе дәрігерлік этика, 1840 ж құрылған. (авторы Петров). Негізгі принципі «міндетті орындау».
- ▶ 4. Биоэтика – дәстүрлі медицинаның заманауи түрі, негізгі принципі «адамның құқығын және мәртебесін сыйлау».

Деонтология мен этиканың принциптерін қолайлы іске асыру үшін мынандай жағдайлар қажет:

- парыз сезімі,
- өз мамандығына бейімділігі мен білімін үнемі жетілдіру,
- медициналық қызметкер сырқат сеніміне кіріп, ауруынан жазылатындығына иландыру.



- ▶ **Медициналық этика** (лат. *ethica*, грек тілінен алғанда *ethice* – адамгершілікті зерделеу)
- ▶ Этика — адамгершілік туралы және оның әлеуметтік мәні туралы ілім.
Медициналық этика - медицина қызметкерлерінің адамгершілік қасиеттерінде көрініс табуда. Ол медицина қызметкерлерінің ерекшеліктері мен қоғамда алатын орнына байланысты мінез-құлық нормаларын реттейтін қағидалар жиынтығын қамтып, дәрігердің науқастармен және олардың туыстарымен өзара қарым-қатынасын, тән және жан тазалығын қарастырады.
- ▶ **Медициналық деонтология** (греч. *deon* – парыз; «деонтология» термині соңғы жылдардағы отандық әдебиетте кеңінен қолданылуда) –медициналық қызметкерлердің кәсіби міндеттерін орындау барысындағы этикалық нормалар мен қағидаттар жиынтығы.

Төрт этикалық қағидаттар:

қайырымдылық

автономия

әділеттілік

*толыққанды
медициналық
көмек*

Қайырымдылық қағидаты: Қайырымдылық дегеніміз емделушіге зерек және ілтипатты көзқараспен қарау, науқас денсаулық жағайының күрделігімен барабар емдеудің оңтайлы әдістерін таңдау, емделушінің медициналық араласуға дайындығы және қабілеттілігі.

Автономия қағидаты әрбір емделушіге және оның шешімдеріне сыйластықпен қарауды талап етеді. Медициналық көмектің құпиялылықты, емделушінің мәдениетін, дінін, саяси және өзген де көзқарастарын сыйлау, медициналық шара қолдануларға ақпаратты келісім беру, күтуді бірлесе жоспарлау және жүзеге асыру, сонымен қатар, емделушінің өз бетімен шешім қабылдауы, немесе осы емделушінің заңды өкілінің шешім қабылдауы сынды аспектілері автономия қағидатымен байланысты.

Әділдік қағидаты/ зиян келтірмеу- медицина қызметкерлерінің мәртебесіне, әлеуметтік жағдайына, мамандығына және сыртқы ахуалдарға қарамастан барлық емделушілерге бірдей қарау және бәріне бірдей көмек көрсету.

Толыққанды медициналық көмек көрсету қағидаты кәсіби медициналық көмекті және емделушіге кәсіби көзқарасты, сапалы диагностикалау және емдеу жүргізу үшін денсаулық сақтаудың барлық мүмкіндігін қолдануды, профилактикалық шараларды және паллиативті көмек көрсетуді көздейді.

*Медициналық этика үш негізгі бағыт бойынша
тұлғаралық қарым-қатынастардың әртүрлі
мәселелерін зерделейді және шешеді:*

медициналық
қызметкер —
емделуші,

медициналық
қызметкер —
емделушінің
туысқандары,

медициналық
қызметкер —
медициналық
қызметкер.



Науқас және медициналық қызметкерлер арасындағы қарым қатынас

- Науқас пен дәрігер арасындағы қарым-қатынас дәрігер жұмысында өте маңызды орын алады. Дәрігер мен науқас және оның туысқандары бір-біріне сенім тудыратын қатынас жасағанда ғана ем нәтижелі болуын күмән тумайды. Ал дәрігер мен науқас арасында дұрыс қатынас болмаған жағдайда, ем нәтижелігіне науқас күмәнданып, басқа дәрігер таңдауға мәжбүр болады. Науқас дәрігерге сенім білдірсе, қарапайым емге де күмәнсіз қарайды. Сондықтан, әр дәрігер және де басқада медицина қызметкерлері науқаспен және оның жақын туыстарымен дұрыс, тиісті дәрежеде олардың сенімділігін тудыратын қарым-қатынас құруы керек.



Медициналық қызметкер – емделушінің туысқандары

- ▶ Науқастың отбасы мүшелері, туысқандары дәрігерге сенеді және науқастың өмірін дәрігерге тапсырады. Дәрігер науқасқа, оның отбасы мүшелеріне, жақын туыстарына қайғылы ақпаратты жеткізу барысында қорқыныш сезімінен аулақ болуы тиіс. Өйткені дәрігердің іс-әрекеті қарым-қатынаста отырған адамға бірден әсер ететіні сөзсіз.
- ▶ Қайғылы ақпаратты жеткізу үшін науқастың отбасын алдын-ала дайындау керек. Қайғылы ақпаратты телефон арқылы жеткізуге болмайды. Отбасы мүшелері сырқат жайлы толық білгілері келуі мүмкін, сол кезде шындықты жасырмай барлығын толығымен айту керек. Қайғылы жаңалықты есту әркімге де оңайға тимейтіні анық. Науқастың туыстарына қайғылы оқиғаны жеткізуде жаман хабарды барынша жұмсартып жеңіл түрде жеткізе білген жөн. Дәрігер аса жоғары дайындықта болу керек және науқастың отбасына қолдау көрсету керек.



Медициналық қызметкер – медициналық қызметкерлер

- Дәрігерлердің өзара қарым-қатынасының деонтологиясы ұжым өмірінде маңызды мәнге ие болып, тұрғын халық арасындағы емдеу мекемесінің бет-бедері мен беделін анықтайды. Сондықтан, деонтологиялық қағидаларды қатаң сақтап, әріптестер арасындағы қарым-қатынасқа қаду түсірмеу бүкіл қызметкерлердің қасиетті борышы болып табылады. Дәрігерлердің өзара деонтологиялық үйлесімділігі ұжым татулығының негізін құрып, оның кәсіби беделі мен берекесін арттырады.



«Медбике-дәрігер» арасындағы қарым-қатынастар:

Сұхбаттасу кезінде дөрекі сөйлесуге тыйым салынады;

Дәрігерлік тағайындаулар уақытында нақты, нақты және кәсіби орындалуы тиіс;

Науқастың денсаулық жағдайындағы кенеттен болған өзгерістер туралы дәрігерге жедел хабар берілуі тис;

Тағайындалған дәрігерлік емді қолдану барысында күмән туындаған жағдайда , науқас жоқ уақытта, сыпайы түрде, осы жөнінде дәрігермен мән-жайды талқылауы қажет.



«Медбике-медбике» арасындағы қарым-қатынастар:



- Өз ұжымдастарымен жұмыс істеу барысында дөрекілікке, тұрпайылыққа жол берілмеуі тиіс;**
- Қандай да бір ескертулер, науқас болмаған уақытта, әдепті түрде айтылуы тиіс;**
- Тәжірибиелері мол медбикелер жас мамандарға тәлімгерлік көмек көрсетулері қажет;**
- Қиын жағдайларда бірі біріне көмектесулері тиіс.**

«Медбике-кіші медицина қызметкері» арасындағы қарым-қатынастар:

өзара сыйластықты сақтаулары тиіс;

**Кіші медицина қызметкерінің жұмысын
сыпайы түрде бақылауы қажет;**

**Әдепсіздікке, дөрекілікке, тәкаппарлыққа
жол беруге болмайды;**

**Науқастар мен келушілердің көзінше
ескертулер жасауға болмайды.**



Ятрогенді ауру – медицина қызметкерінің сөзінен, ісінен пайда болатын ауру. Ол медициналық қызметкерлердің теріс түсіндірген сөзінен немесе мінез - құлқынан шығады. Кіші мейірбике немесе техникалық қызметкерлердің сырқатқа зерттеу нәтижесін қате болжап, айтып берген жағдайда да кездеседі. Сөз науқасты емдеп қана қоймайды, оны жаралауы да мүмкін екендігін мейірбике жанында ұстап, науқас көзінше түсініксіз терминдерді айтпауға тырысу керек.

Ятрогенді аурулардың себептеріне:

- жалпы және медициналық мәдениетінің жетіспейтіндігі;
- асығысты, науқастың ыңғайсыз диагнозын болжау;
- зерттеу нәтижесін дұрыс түсіндірмеу жатады;
- кез келген ауру жағдайында мейірбике науқастың психикасын бұзбауға тиіс;

Науқастың өзіне әсері /жақсы, жаман ойлауы / эгогения деп аталады.

Эго дегеніміз :

- ішкі мәдениеттің ережелерін сақтау, тәртіпті сақтау, қоғамдық жағдайларға үнемділікпен қарау, татулық, әріптестік сезім;**
- сыртқы мәдениет ережелерін, тәртіпті сақтау, сыпайлық, әдептілік, жақсы сөз, сәйкес келетін киім /сыртқы жинақылық, денесінің, киімінің, аяқ киімінің тазалығын сақтау т.б./**



Субординация – қызметіне қарай бір-біріне бағыну.

Мейірбике дәрігердің бірінші көмекшісі. Дәрігерге қарағанда мейірбикелер жұмыс кезінде көп уақытын науқастармен өткізеді. Мейірбикелер науқастың көңіл –күйін, қорқыныш-уайымын, жасалып жатқан емнің түрлерін жақсы біледі. Емнің ең басты мақсаты – дәрігердің, мейірбикенің, науқастардың сеніміне кіруі мен олардың талабына сай келуі.



Қорытынды:

- Дәрігер - ерте заманнан бері келе жатқан Ұлы Есім. Науқасқа ауруынан айықтыруға көмек беретін, емдейтін, қолдау көрсетіп, демеу беретін тұлға. Дәрігердің моральдық бейнесі әр түрлі болады яғни науқасқа зиян келтірмей, әділетсіздік жасамай барынша қандай жағдай болса да науқастардың өтінішін орындауға сондай-ақ олардың күтімін сақтау болып табылады. Моральдық бейне – бұл ішкі жан дүниесі, бет – бейнесі. Ал этика – үлгі өнеге және рухани тәрбие туралы ғылым, ол грек сөзі «ethnos» — әдеп, мінез, өнеге деген мағынаны білдіреді, медициналық әдеп-кәсіби қызмет атқару кезінде әдеп сақтау принципін орындау болып табылады.



- ▶ Дәрігер қыран кұстай
қырағы, Қыз баладай епті,
Жыландай ақылды,
Арыстандай жүректі болуы
тиіс»(Ибн Сина)

Назарларыңызға рахмет!

